Түркістан облысы,Шардара қаласы
№12 жалпы орта мектеп

# «Жауқазын» МАД сыныбының 2021-2022 оқу жылы. «Сурет салу» вариативтік бөлім

**Сынып тәрбиешісі:** Құдабаева Ж

**Вариативтік бөлім бойынша**
**перспектива**

**Тақырыбы: «Сурет салу»**
**Мерзімі: 2021-2022 оқу жылы**
**Өткізілетін тобы: «Балапан» МАД сыныбы**

| № | Тақырыптар | Мақсаты | Саны |
|---|---|---|---|
| 1 | Атама арналған тымақ. | Балаларды ер адамға арналған бас киімінің түрлерімен ,олардың ерекшеліктерімен таныстыру,қазақ халқының салт-дәстүрін сыйлап-қадірлеуге тәрбиелеу | 1 |
| 2 | Күзгі орман | Қылқаламмен және бояу мен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, сүйкей жағу арқылы қағаз бетіне дақ түсіру кезіндегі қолдың қимыл – қозғалысын дамыту,ұқыпты жұмыс істеуге үйрету, тиянақтылыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 3 | Сәукеле. | Ұлттық киімдер туралы ұғымдарды бекіту,сурет салу іс-әрекеті арқылы бас киімдерді әшекейлеу,ұлттық ерекшеліктерді ажырата білу. | 1 |
| 4 | Ұлу. | Ұлу туралы білімдерін жетілдіру,ұлудың суретін салудағы ептілікпен дағдыларын дамыту,ұлу әрекеттерімен таныстыра отырып,шыдамдылыққа, қарапайымдылықққа тәрбиелеу | 1 |
| 5 | Қызыл телпек. | «Қызыл телпек»ертегісі мазмұнымен таныстыру, сөздік қорларын молайту, сурет салу дағдыларын дамыту,қайырымды көпшіл болуға тәрбиелеу. | 1 |
| 6 | Құмған. | Құмған туралы білімдерін жетілдіру,құмғанды сала білуге үйрету, сурет салу дағдыларын дамыту, өз халқының қолөнеріне деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу. | 1 |
| 7 | Ертегідегі құс. | Құстар туралы білімдерін жетілдіру,құстардың бейнесін қағаз бетіне түсіре білу біліктілігін машықтандыру,құстарға деген қамқорлық пен сүйіспеншілікке баулу. | 1 |
| 8 | Балалар жаттығу жасайды. | балаларды адамның жалпы дене құрылысын анықтап, жаттығу кезіндегі қолдарының, аяқтарының өзгерісін беруге үйрету,жаттығу жасаудағы балаларды салуға үйрету. | 1 |
| 9 | Кешкі қала. | Ұжымдық жұмыста бірлесіп еңбекетуге,бір-бірімен ақылдаса, келісе қала көрінісін шығармашылықпен бейнелеуге жұмылдыру. Дербестікке, белсенділікке баулу. Еңбек нәтижесінде қанағаттану сезімдерін ояту,көркемдікталғамын,ой-қиялындамыту.Кешкі қала көрінісінің әсемділігін, сұлулығын сезіндіру. | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 10 | Алашаны әшекелеу. | сәндік-қолданбалы өнермен таныстыру,алашаны ою-өрнектермен әшекейлеуде оны қағаз бетіне дұрыс орналастыра білуге баулу,бояу түстерімен ою-өрнектерді үйлестіру арқылы балалардың көркемдік талғамын дамыту,эстетикалық тәрбие беру. | 1 |
| 11 | Астық жинау. | Балаларға сопақша дөңгелектерді қолдана отырып бидай масақтарын салуды үйретеді,ұқыпты жұмыс жасауға дағдыландыру,шығармашылықпен сурет сала білуге баулу,дәнді дақылдарды құрметтей білуге тәрбиелеу | 1 |
| 12 | Сазбалшықтан жасалған табақ. | Балаларға қазақ халқының ыдыстары туралы білім беру,ұлттық көркемдік стилдің әліпесі мен таныстыру,көркемдік талғамын дамыту,ұқыптылық пен жинақылыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 13 | Гүлдене бер Қазақстан. | Кең–байтақ Қазақстан туралы мәліметтерін кеңейту, туған жердің көрнісін қағазға түсіре білуге үйрету,өз еліне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Қолданылатын құралдар.қылқалам,бояу, | 1 |
| 14 | Қыстағы жапырақсыз ағаш. | Балаларға жапырақсыз ағашты салу техникасын түсіндіру, одан әрі жетілдіру. Шығармашылық қиялдарын,көркемдік талғамдарын дамыту, ұқыптылықпен жинақтылыққа тәрбиелеу**.** | 1 |
| 15 | Мерекелік отшашу. | Балаларғажаңажылмерекесітуралытүсінік беру,қиялдау,елестету дағдыларын дамыту,бауырмалдыққа,армандайбілугетәрбиелеу. | 1 |
| 16 | Жаңажыл мерекесі. | Жаңажылмерекесітуралытүсінік беру,қиялдау,елестетудағдыларын дамыту,бауырмалдыққа,армандайбілугетәрбиелеу. | 1 |
| 17 | Аяз ата. | Аяз атаның бейнесін салуды үйрету, балаларды мейірімділікке, сүйіспеншілікке тәрбиелей отырып,Жаңа жыл кешінің аса сыйлы қонағы – Аяз атаның қалай пайда болғанымен таныстыру**.** | 1 |
| 18 | Қаркесегі. | балалардықысмезгіліментаныстыру,қысқытабиғат құбылыстарын сезіне білуге,қардың аппақұлпа, мамықтай жұмсақ болатынын түсіндіру,балаларға дербес түрде қар кесегін салуды үйрету**.** | 1 |
| 19 | Ақшақардың сүйікті достары. | Балаларды ақшақардың достарымен таныстыру,олардың суретін салуды одан әрі жетілдіру. Шығармашылық қиялдарын,көркемдік талғамдарын дамыту,ұқыптылықпен жинақтылыққа тәрбиелеу | 1 |
| 20 | Қызғаншақ екі қонжық. | Достық туралы,тату–тәтті қарым–қатынас жасау туралы білімдерін жетілдіру,дұрыс қарыс-қатынас жасай білу дағдыларын дамыту, балаларды қайырымды болуға,көпшіл,мейірімді болуға | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 21 | Мерекелік дастархан. | қазақтың дастарқаны,қонақ күту рәсімі,туралы түсініктерін кеңейту,іс-әркет барысында өз ойын толық жеткізе әңгімелеу арқылы тілін дамыту.Ой қиялын ұштауға көмектесу. | 1 |
| 22 | Аққала жасаймыз. | Аяз атаның бейнесін салуды үйрету,балаларды мейірімділікке, сүйіспеншілікке тәрбиелей отырып,Жаңа жыл кешінің аса сыйлы қонағы– Аяз атаның қалай пайд аболғаны мен таныстыру | 1 |
| 23 | Қыстағы табиғат. | Балалар бойында байқағыштық,қысқы табиғат Құбылыстары ерекшелігін сезіне білушілік,қоршаған ортаға деген сүйіспеншілік қасиеттерін тәрбиелеу. | 1 |
| 24 | Қыстағы түн. | Балалар бойында байқағыштық,қысқы табиғат Құбылыстары ерекшелігін сезіне білушілік,қоршаған ортаға деген сүйіспеншілік қасиеттерін тәрбиелеу. | 1 |
| 25 | Қыстағы шуақты күн. | Балалар бойында байқағыштық,қысқы табиғат құбылыстары ерекшелігін сезіне білушілік,қоршаған ортаға деген сүйіспеншілік қасиеттерін тәрбиелеу | 1 |
| 26 | 8 наурыз ашықхат. | Анаға арнап ашық хат жасай білуді үйрету ,балаларды өз аналарын және барлық басқа да аналарды құрметтеуге, қыз балаларды сыйлауға ,мейірімділік пен сүйіспеншілікке тәриелеу**.** Шығармашылық қиялдарын,көркемдік талғамдарын дамыту,ұқыптылықпен жинақтылыққа тәрбиелеу**.** | 1 |
| 27 | Қуаршақтың камзолы. | Камзолдың суретін салуға жаттықтыру,сурет салу іскерлік –дағдыларын меңгерту ,жұмыстың нәтижесіне жете білуге, әсемдігіне мән беруге ,көркемдік талғампаздаққа,ұқыптылықпен жинақтылыққа тәрбиелеу**.** | 1 |
| 28 | Көрікті көктем. | Анаға арнап ашық хат жасай білуді үйрету,балаларды өз аналарын және барлық басқада аналарды құрметтеуге ,қыз балаларды сыйлауға ,мейірімділікпен сүйіспеншілікке тәриелеу**.**Шығармашылық қиялдарын,көркемдік талғамдарын дамыту,ұқыптылық пен жинақтылыққа тәрбиелеу**.** | 1 |
| 29 | Ғажайып ұшақ. | Әуе ұшақтары,аспан планеталары туралы білімдерін жетілдіру, сурет салудағы іскерлік дағдыларын дамыту,балалар қайырымды, мейірімді болуға тәрбиелеу. | 1 |
| 30 | Алма ағашы гүлдеді. | Қоршаған орта туралы білімдерін жетілдіру, Балалардыңң іс-әрекет белсенділігін ,арттыру,саяхат барысында табиғатқа деген қамқорлық пен сүйіспеншілікті арттыру, байқампаздықтарын дамыту,бір-бірімен қарым-қатынас барысында ізгілікке, сыпайылыққа, жағымды мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | тәрбиелеу. | |
| 31 | Терек бұталары | терек бұталары жайлы түсінік беру, ағаштарды өзіндікерекшкліктерінебайланыстыбір-бірінен ажыратуға және терек бұталары суретін салуға үйрету, таза, ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу | 1 |
| 32 | Тостаған. | балалардың шығармашылық қабілетін дамыту,заттыңпішідеріжайындабілімберу, қылқаламдыпайдаланаотырып,тостағантуралы білімдерін бекіту,икемділікке, ұқыптылыққа, жинақтылыққа тәрбиелеу | 1 |
| 33 | Жаңбырлы күн. | Балаларды табиғат құбылыстарын бақылай отырып өз сезімдерін бейнелей білуге үйрету, жаңбыр тамшыларынқағаз бетіндегі жазықтықты дұрыс пайдалана отырып түсіруг ежаттықтыру, бейнеленген заттарын музыка әуенімен қимыл-қозғалыстаүйлестіребілугебағыттау,ептілікпен жинақылыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 34 | Қоржынды сәндейміз. | қазақтың үй бұйымы – қоржынмен таныстыру, қоржын туралы білімдерін одан әрі жетілдіру, қоржындыбезендіребілудіүйрету,эстетикалық талғамдарын дамыту, тиянақтылық пен ұқыптылыққатәрбиелеу | 1 |
| 35 | Автобус. | түрлі түсті бояудың көмегімен , геометриялық фигураларды пайдаланып автобустың суретін салудыүйрету,салу дағдыларын қалыптастыру, достыққа, татулыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 36 | Меніңсүйікті ертегім. | Балаларды сурет салғанда ертегілер сюжетін өздері ұнататын кейіпкерлерге тән сипаттарды бере білуге баулу,түрлі тәсілдермен бейнелеу дағдыларын нығайту, бауырмалдық,достыққа бір-біріне деген қамқорлыққа тәрбиелеу. | 1 |

**Вариативтік бөлім бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің конспектісі**

**Білім беру саласы:** Шығармашылық,қатынас

**Білім беру бөлімі:** Сурет салу

**Тақырыбы:** Атама арналған тымақ.

**Мақсаты:**Балаларды ер адамға арналған баскиімінің түрлерімен,олардың ерекшеліктерімен таныстыру,қазақ халқының салт-дәстүрін сыйлап-қадірлеугетәрбиелеу.

**Көрнекілік**: тымақтың үлгіретінде үлкен көлем де салынған суреті.

| Оқуіс-әрекеті | Педагогтыңіс-әрекеті | Баланыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивация лық-қозғаушылық | Балаларға қонаққа қартатай келеді.Ол өзі мен бірге балаларға сыйлыққа құрт ала келеді. | Балалар атаймен амандасып,әкелген сыйлығы үшін алғыстарын айтады. |
| Ұйымдастыру шылық-ізденістік | -Балалар,атай сендерді дұрыс ести алмай отырғансияқты,себебін сұрапта үлгердім.Атай бас киімсіз жүремдеп,құлағыма суық тигізіп алыпты.Атайдың құлағы жақсы Естуіне  көмектескілерің келеме?<br>-.Тымақдегенкандайболатындығын білесіңдерме?<br>-Иә,дұрысайтасыңдар,тымақер адамдарғаарналғанбаскиім.<br>Сергітусәті:<br>-Балала,ендіүлгіретіндеілінген суреткеқарапотырып,тымақтың суретінсалып,қонаққакелген атамызғатартуетейік. | Балаларкөмектесуге Әзір екендіктерін айтаады.<br>-Иә,білеміз,олер Адамдардың баскиімі.<br>Балалар педагогайтқан Ақпаратты мұқият тыңдайды.<br>Балалар орындарынан тұрып,сергітусәтін орындайды.<br>Балалар белсене сурет салуғакіріседі.<br>Балаларатаға тымақтыңсуретінтарту етеді. |
| Рефлексиялық-түзету | Сабақтың қортындысы:<br>-Бүгін бізге қонаққа кімкелді?<br>-Атаға арнапненің суретінс алдық?<br>-Ерадамғаарналғантымаққалай жасалынады?<br>-Сабақтыңалғанәсерлеріңкандай?<br>-Сабақсердергенесіменұнады? | -Ата<br>-Тымақтың<br>-Жақсы,тамаша.<br>-Атаға сыйлыққа тымақтыңсуретін салғанымыз. |

**Күтілетіннәтиже:**

**Біледі**.ер адамның баскиімі–тымақ туралы мәліметтерді, оныңкандай бөліктерден құралатыны туралы біледі.

**Игереді:**тымақтың суретін салу дағдысын игереді.

**Меңгереді**:тымақтың тұрқымен бірге құлақшадан тұратынын және оның тері сыртынан қалың матамен қапталып тігілетінін меңгереді.

**Білім беру саласы:**Шығармашылық ,

**Бөлімі:**Сурет салу

**Тақырыбы:**Күзгі орман.

**Мақсаты:** қылқаламмен және бояумен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру,сүйкей жағу арқылы қағазбетіне дақ түсіру кезіндегі қолдың қимыл –қозғалысын дамыту, ұқыпты жұмыс істеуге үйрету, тиянақтылыққа тәрбиелеу.
**Қолданылатынқұрал:**акварель бояуы,аққағаз,қылқалам,су,сүрткіш және тұғырлар.

**Сөздікжұмыс:**себет,тұғыр.

| Қызмет кезеңдері | Педагогтіңіс-әрекеті | Баланыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| *Уәждемелік - ынталанды* | Шаттық шеңбері.<br>-Балалар,Толғанайесімдіқуыршақ бүгін бізге қонаққа келді.Ол күзгі орманда жапырақ жинап жүргенде, қолындағы себетін бір жерге қойып кеткен екен, енді соны таба алмай қалыпты.Сендерден себетін сұрауға келген көрінеді.Естеріңе түсіріп көріңдер,біз себетті қайдан көрдік?<br>-Мынаума?<br>-Иә, қуыршақ қуанып, қандай жақсы болды, рахмет сендерге. Ақ лақ өзі келемін депеді,келіп қалар.Осык езде Есік қағылыпақлақ кіреді.Сурет алып келеді.<br>-Ақлақтыңсуретіқандайәдемі!Ол нені салғанын кім айтады? | Балалар шеңберге тұрып,бір-бірінежылы лебіздерін айтады.<br><br>Ақлақ түсіп,бірден ақ лақты тауып алып, әкеліп көрсеткен суретіт уралы әңгімелейді. |
| *Ұйымдық-іздестіру* | Педегог баланың ойын дамыту үшін күз туралы бір шумақ өлең оқиды.<br>Педагог:-Ақлақ суретті жақсысалып үйреніпті, енді біз түсіп жатқан жапырақтарды салып үйренейік. Ол үшін қылқаламды қолымызға аламыз да,былай сүйкей жағамыз.Балалардың суретін Толғанай екеуі аралап көреді. Аяқталған суреттерді жинап алып тақтаға іледі.<br>Толғанай:-Ақлақ,менің себетімді балаларға әкеліп бергенің қандай жақсы бол. Балалардың бәрі сурет Салуды үйреніп алыпты,мендееңді сендерден сурет салуды үйренемін. Мен сендерге арнап ақ лақ туралы тақпақ айтып берейін бе?<br>Ақлақ:-Рахмет,Толғанай,мен айтқан | Қылқаламмен бояуды сүйкей жағу тәсілімен қағазға жапырақтардың суретін салады. Бояу Түстерін өздері таңдайды.<br><br>«Балабақша бағында» атты әуенімен |

| | | |
|---|---|---|
| | тілді аламын. Балалар ұқыпты, таза жұмысістеудіүйреніпті,ендімұнда екуміз келетін боламыз. | қозғалмалыойын ойнайды. |
| *,Рефлекстік – түзету* | Педагог балалардың суреттеріне ауызша баға беріп, алдын ала дайындағант себет суреттерін балаларға үйлестіреді. | Балалар өздерінің салған суреттерін тамашалайды, басқалардікімен салыстырады. |

**Күтілетіннәтиже:**
**Біледі:**күзгі жапырақтардың ерекшіліктері жайында түсініктері қалыптасады.
**Игереді:**қыл қаламмен,бояумен қағаз бетінде дұрыс жұмыс жасау, Жапырақтарды үлгідегіндей икемді және шебер салу дағдысын игереді.
**Меңгереді:**ұқыпты жұмыс істеуді меңгереді.

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Білім беру бөлімі:** Сурет салу

**Тақырыбы**: Сәукеле**.**

**Мақсаты:**ұлттық киімдер туралы ұғымдарды бекіту,суретс алуіс-әрекеті арқылы бас киімдерді әшекейлеу,ұлттық ерекшеліктерді ажырата білу.
**Көрнекілік**:сәукеле бейнеленген сурет,қылқалам,акварель бояу,су құятын ыдыс.
**Сөздікжұмыс**:киіз,тәж,төбе,құлақбау,конус,үкі.

| Оқуәс-іреketі | Педагогтыңіс-әрекеті | Баланыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Бір-бірімізге алақанымызды түйістіріп бір–бірімізге жылы Тілектер айтамыз | Балалар бір-біріне жақсы тілектер айтады. |
| Ұйымдастырушылық-ізденістік | Балаларға көремөн ер туындаларын көрсетіп,әңгіме құрып айтқызу. Ою-өрнек әшекейлеріне,ер кісілер мен әйелдер,қыздар киетін бас киімдер ерекшеліктеріне тоқталып өтеді. Қыз бала қалыңдық болған жағдайда киетін сәукеле туралы айтып береміз.<br>-Дұрыс айтасыңдар балалар. | Балаларұлттық киімдер жайлы білгендерінайтады.<br><br>Балаларпедагогты тыңдап,сұрақтарға жауап береді. |
| Рефлексиялық-түзетушілік | Біз қалыңдықтың баскиімі сәукелемен толық танысамыз және оның суретін салып аламыз.Сәукеле қызбала тұрмысқа шыққанда киетін бас киім.Сәукеленің төбесі конус сияқты.Онаалтынтас,күміспен әшекейлейді.Ең жоғарғы төбесіне үкі тағады.<br>Балалардың жұмысы.<br>-Алдымен конус салып аламыз,астыңғы бөлігін сәл дөңгелетеміз. Сәукеленің ең жоғарғы бөлігіне үкі тағамыз. үлгіге қарап немесе өзтаңдаулары бойынша әшекейлейді. | Балаларпедагогты тыңдайды. Ән ырғағыменжұмыс жасайды.<br><br>Балаларүлгіге қарап немесе педагогтың нұсқауыменсуретті салады және әшекейлейді. |

**Күтілетіннәтиже:**
**Біледі:**ұлтық бас киім туралы білімдерін кеңейту.
**Игереді:**жұмыс барысында балалар бір-бірімен дұрысқарым-қатынаста болу,адамгершілік,ізгілік қасиеттердің мәнін түсіну.
**Меңгереді:**суретсалуіс-әрекетіарқылыс әукеленіәшекейлеуді,баскиімнің ұлттық ерекшеліктерін ажырата білуді меңгереді.

**Білім беру**

**саласы:**Шығармашылық**Білім**

**беру бөлімі:** Сурет салу

**Тақырыбы:** Ұлу

**Мақсаты:**ұлу туралы білімдерін жетілдіру**,**ұлудың суретін салудағы епттілікпен дағдыларын дамыту,ұлу әрекеттері мен таныстыра отырып ,шыдамдылыққа,қарапайымдылықк қатәрбиелеу**.**
**Көрнекілік**:ұлкенкөлемді ұлудың суреті. Ұлу туралы муллтфильм,сурет дәптері,қылқалам, акварель бояуы,су құятын ыдыс.

| Оқуіс-әрекеті | Педагогтыңіс-әрекеті | Баланыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық -қозғаушылық | Жұмбақ жасыру,<br>Әрең жылжып алдыға,<br>Асықпайды,біл мұны.<br>Кімекенол,ойлантап!<br>Тасты үйдің тұрғыны | Ұлу. |
| Ұйымдастыру шылық-ізденістік | -Балалар,дайын болсаңдар ұлудың өтініші мынадай:ол қазір өзін жалғыз сезінгендіктен сендер оған дос болғандықтан,ол сендерден көп ұлу салып Берулеріңді сұрайды.<br>-Онда ұлудың суретін салайық.Мен Сендерге нұсқау беремін.<br>Алдымен кішкене дөңгелек саламыз.Одан кейінұлкендөңгелек–денесін саламыз,қағаздан қарындашты алмастын Ұлудың денесін саламыз,яғни ішкі Сызықтарды қолдана отырып ішке қарай тұйықемесдөңгелексызықтар саламыз.Әріқарайүлгібойынша Ұлуымыздың бетпішінін саламыз.Акварел бояуымен қылқаламды сүйкей жағып бояймыз | -Тастан үйібар.<br>Балалар<br>Қолдарымен ұстап көреді.<br>-Иә,дайынбыз.<br>Балалар шеңбер бойлаптұрып,<br>Педагогпен бірге сергіту сәтін орындайды<br>Балалар қуана жұмысқа кіріседі.Педагогтың нұсқауларын мұқият тыңдап,суретті салады. |
| Рефлексиялық-түзету | Орындалған жұмыстар,келген ұлуғатарту етіледі.Ұлу балаларға өтериза болып,алғысын айтады.Балалардың Жұмыстарын апедагог талдау жасап ,ерекше жұмыстарды атап өтеді. | Жұмыстарын Аяқтап ұлуға сыйға тартады.Бір-бірінің жұмыстарын бағалайды, |

**Күтілетіннәтиже:**
**Біледі:**ұлу туралы қызықты әлімет біліп,білімдері жетіледі.
**Игереді:**ептілікті,ұлудыңсуретінсалудағыикемділікті,салутехникасын игереді.
**Меңгереді**:балалар бойында бір-бірлеріне жанашырлық,ұлудың әрекетіне қарай шыдамдылық пен сабырлық қалыптасады..

**Білім беру**

**саласы:**Шығармашылық**Білім**

**беру бөлімі:** Сурет салу

**Тақырыбы:** Қызыл телпек.

**Мақсаты:**«Қызыл телпек»ертегісі мазмұнымен таныстыру,сөздік қорларын молайту, сурет салу дағдыларын дамыту,қайырымды көпшіл болуға тәрбиелеу.
**Көрнекілік**:«Қызыл телпек»ертегісінен видео фильм,жұмыс дәптері.

| Оқуіс-әрекеті | Педагогтыңіс-әрекеті | Баланыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Топқаәжекеледі.Әже балалармен амандасады. | Балалар әжемен амандасады. |
| Ұйымдастырушылық-ізденістік | Әже:<br>-Мен үлкен жолдан келе жатырмын. Сендер өнерлі баладеп естідім.Маған немерем қызыл телпек қуыршаған әкеп беруді өтінді. Еш жерден таба алмады.Сендер маған көмектесе аласыңдар ма?<br>Педагог ең алдымен сергіту сәтін орындап алайық.<br>«Біз кішкентай баламыз»<br>Педагог әжейдің немересіне бір емес бірнеше қуыршақ салып беруді өтінеді.<br>Алдамен қызыл телпек қызымыздың басын,денесін,қолдары мен аяғын салып аламыз. Қзымыздың телпегі қызыл болуы тиіс.<br>Балалардың дәптермен жұмыс.<br>Салып болған суретінт әжемізге көрсетеміз.Сурет әжейге ұнады. | Балалар әжейді тыңдайды.«жейге Көмектесуге дайын екенін айтады.<br><br>Балалар Педагогпен біре сергіту сәтін орындайды.<br>Балалар ұсынысты қабылдап қызыл телпекті қалай салатындарын ойластырады.<br>Балалар үлгіге қарап. Қызыл телпекті салады.<br>Балалар салған Суреттерін әжейге көрсетеді. |
| Рефлексиялық-түзету | Ең жақсы салынған суретті әженің немересіне беріп жібереді.<br>Әжей балаларға рахмет айтып,қоштасыпкетеді. | Балалар сабақтан алған әсерлерімен бөліседі. |

**Күтілетіннәтиже:**
**Біледі:**мейірбан болуды,бір-біріне достыққарым-қатынаста болуды,келген қонақты ренжітпеуді біледі**.**
**Игереді:**нұсқау бойынша өз бетімен әрекететіп,суретсалу икемділіктерін игереді.
**Меңгереді**:балаларға көмектесе білуді,суреттегі кейіпкерді дұрыс орналастыра білуді,қажетті түстерді үйлестіре білуді меңгереді..

**Білім беру**

**салалары**:Шығармашылық

**Бөлімі**:Суретсалу.

Т**ақырыбы**:Құмған

**Мақсаты.**құмған туралы білімдерін жетілдіру,құмғанды сала білуге үйрету, суретсалу дағдыларындамыту,өз халқының қол өнеріне деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.
**Көрнекіқұралдары**:түрлі түсті бояулар,улгі көрнекілік

**Сөздікжұмыс**:құмған,салтдәстур.

| **Оқу іс-әрекетінің кезеңдері** | **Педагогтініс-әрекеті** | **Балалардыңіс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | Шаттық шеңбері.<br>Балалар,бүгінгі сабақты бір-бірімізге жақсы тілектер айтудан бастайық. | Балалар шеңберге тұрып,оң жақтағы көршісіне жағымды сөздер айтады. |
| **Ұйымдастырушылық–ізденістік** | Балалар, суретте не көріп отырсыңдар? Бұл ыдысты қай уақытта қолданамыз?. Енді құмған туралы мәліметті мұқият тыңдап алайық.Ол үшін Дымбілместен келген мына хатты оқиық.дымбілмеске құмған не екенін айтып береиікпе.Олай болсакөмектесемізбе.Қолымызданкеле ме?Онда құмғанның суретін салып көрейік.Мойныжіңішке,ұстайтын сабы болады екен ретімен салайық.Құмғандысалынужолын ретімен салыпберейік.Құмғандысалып болғаннан кейін қылқаламмен бояуды бастаймыз.Бояу кепкен соң, құмғанды ою-өрнекпенәшекейлеиміз. | Құмған,<br><br>Қол жуғанда.<br><br>Балалархаттыоқып тұрған педагогті мұқияттыңдайды.<br><br>Балаларжұмыс дәптерлеріне құмғанныңсуретін салады. |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | Педагогбалалардыңсуреттерінтақтаға іледі.Суреттерің өте әдемі, сабақтан кейін пошта арқылы Дымбілмеске салып жіберем | Балаларөздерінің суреттері туралы қысқаша баяндап береді |

**Күтілетіннәтиже:**
**Біледі:**қазақтың үй тұрмысын дақолданған заттары туралыт үсінігі кеңейеді.
**Игереді:**қыл қаламен сурет салу техникасын үйренеді.
**Меңгереді:**Эстетикалық талғамымен дұрысжұмысжасау дағдыларын қалыптасады**.**

**Білім беру салалары**:Шығармашылық

**Бөлімі**: Сурет салу.

Т**ақырыбы**:Ертегідегі құс

**Мақсаты.** Құстар туралы білімдерін жетілдіру, құстардың бейнесін қағаз бетінетүсіребілубіліктілігінмашықтандыру,құстарғадегенқамқорлықпен сүйіспеншілікке баулу.

**Қолданылатынқұралдар.**ертегіқұстарыныңсуреттері

**Сөздікжұмыс**:құстарғақамқорлық,аялау,қыстапқалғанқұстар

| Оқуіс-әрекетінің кезеңдері | Педагогтініс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | Жыл мезгілдерінің ерекшеліктері жайында әңгімелесу<br>Қыста қыстап қалған қандай Құстарды білесіңдер.Қазір қандай құстар ұшып келеді. | Балалар «Әтеш пен тоты», «Шымшық пет көгершін»ертегілерінің бірін айтып береді.Ертегі аяқталған соң сергіту сәтін жасайды.Құстардың дыбысын қимыл қозғалысын көресетеді. |
| **Ұйымдастыру шылық – ізденістік** | Балалар сурет салуға қажетті құрал-жабдықтарын алып, іске кірісер алдындакөрнектікөркемсуреттер көрсетіліп,қысқаша әңгіме өткізіледі.Құстар туралы қандай ертегі білеміз?Естеріңе түсіріп көріңдерші: «Құс базары», «Үй құстары».Құстардың дене бітімі еске түсіру.Тырналардың үшбұрыш жасай ұшып келе жатқанын немесе ұясының жанындағы қараторғай бейнесін суреттен көрсетеді.Сурет салудың ретімен түсіндіріп,тақтаға салып,қарапайым сызықтармен ауадакөрсетіп,бормен сызып, салып көрсетеді. Қарындашпен салынып, дайын болған құсты қылқаламның көмегімен қағаз бетіне бояуды сүйкеи жағаотырып түрлі түске бояп, көрік береміз.Жұмыс барысында кейбір балаларға жеке нұсқаулар беріліп,жалпылама бақылау арқылы басшылық жасалады. Дәптермен жұмыс.<br>Жеке жұмыс жүргізу балалармен. | Балаларжауабы.<br><br>Сурет салуды алдымен қағаз ортасын белгілеп алады,құстыңденебөлігі сопақша дөңгелекке ұқсайды,басы домалақ,үлкен бөліктеріненбастап бейненіұсақбөліктермен толықтырады және бояу түсін дұрыс таңдауға назараударады.<br><br>Қойылғансұрақтарға жауап береді.<br><br>Жеке жұмыс<br><br>Балаларжауабы.<br><br>Сөздікжұмыс. |

| | | |
|---|---|---|
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | Педагог еңбек нәтижесін балаларменбірлесеталдап, Балалардың суреттерін бағалайды. | Балалардыңәдемісалған құстары табиғат бұрышына қоюға таңдалыпалынады. |

**Күтілетіннәтиже:**
**Біледі:**.табиғат құбылыстарынан бақылағандарын әңгімелеп айта білуді.
**Игереді:**құстардың бейнесін қағаз бетіне түсіре білу іскерліктері нигереді
**Меңгереді:** жұмыс барысында икемділік пен дағдылары жіне Қызығушылықтары қалыптасады.

**Білім беру**

**салалары**:Шығармашылық

**Бөлімі**:Сурет салу

**Тақырыбы**:Балалар жаттығу жасайды.

**Мақсаты**:балаларды адамның жалпы дене құрылысын анықтап,жаттығу кезіндегі қолдарының, аяқтарының өзгерісін беруге үйрету, жаттығу жасаудағыбалалардысалуғаүйрету.
**Көрнекіқұралдары**:үлгіретінде үлкен көлемдегі жаттығу жасап жатқан балалар суреті.

**Қажеттіқұрал-жабдықтар**:сурет салудан жұмыс дәптері.

**Алдыналаорындалатынжұмыс**:әңгімелесу,таныстыру,көрсету.

| Оқуіс-әрекетінің кезеңдері | Педагогтіңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Қонаққа Дымбілмес келеді.Ол балалардан былайкөмек сұрайды:<br>Болсамдеймін күштімен,Сендерге<br>ұқсап, балалар.Ол<br>үшін мен не істейін,<br>Кәне, қандай амал бар?<br>-Балалар,айтыңдаршы,Дымбілмеске мықты болу үшінне істеу керек? | БалаларДымбілмес пенамандасады.<br>-Спортпен шұғылдану керек,дене жаттығуларын жасап,күнтәртібін сақтаукерек. |
| Ұйымдастырушылық – ізденістік | -Онда мені мұқия ттыңдаңдар,мен сендерді денежаттығуларын суретке салудың ережесімен таныстырамын.<br>Балалардың бірін үлгі етіп алып, бастың, дененіңжәне дене мүшелерінің оң және сол жақ симметриялы екені анықталады.<br>-Жұмысты неден бастаймыз?<br>Педагог әр баланың жұмысын аралай жүріпбақылайды.<br>Кемшіліктерін байқаса,дереу бүкіл топқа солкемшілікті талдап түсіндіреді.<br>-Балалар,сендерге сурет салып,қолдарыңдааздапшаршаған шығар, қазір біз аздап сергіп алайық.<br>Сергіту сәті:<br>Күнде жасап<br>жаттығу,Қан<br>жүгіртіп алалық.<br>Керекмұнықаттығу,<br>Жасапбиіксаналық. | Балаларқуанакеліседі.<br><br>Алдымен басынан,сосын мойыны,денесі, қолдарыжәне дененің төменгі бөлігі.<br>Балалар сурет салудыбастайды.<br><br>Балалар тақпақтыкеріліп-созылу арқылы қимылдапқайталайды. |
| Рефлексиялық-түзетушілі | Жұмысты қорытындылау.<br>Балалар салған суреттерДымбілмеске сыйлыққаберіледі. Жұмыстар талқыланады. | Балалар жұмыстарын аяқтайды. Бір-біріне |

| | | |
|---|---|---|
| к | | Жұмыстарына бағабереді. |

**Күтілетіннәтиже:**

**Біледі**:дене жаттығуларын жасаудың пайдасын біледі.

**Игереді**:дене жаттығуларынжасап жатқан адамды қағаз бетінде дұрыс орналастыра білуіскерлігін игереді.

**Меңгереді:**күн тәртібін сақтаудың қажеттілігі,адам ағзасы дұрыс қалыптасыпөсуі үшінжаттығу жасау керектігі білімін меңгереді.

**Білім беру**

**салалары**:Шығармашылық.

**Бөлімі**:Сурет сал

**Тақырыбы**:Кешкі қала.

**Мақсаты**:ұжымдық жұмыста бірлесіпең бекетуге,бір-бірімен ақылдаса, келісе қала көрінісін шығармашылықпен бейнелеуге жұмылдыру. Дербестікке,белсенділіккебаулу.Еңбек нәтижесінде қанағаттану сезімдерін ояту, көркемдік талғамын, ой-қиялын дамыту. Кешкі қала көрінісінің әсемділігін,сұлулығын сезіндіру.
**Көрнекіқұралдары**:кешкі қала көрінісінің суреті(үлгі).

**Қажеттіқұрал-жабдықтар**:сурет салудан жұмыс дәптері.

**Алдыналаорындалатынжұмыс:**әңгімелесу,таныстыру,көрсету.

| **Оқуіс-әрекетінің кезеңдері** | **Педагогтініс-әрекеті** | **Балалардыңіс-әрекеті** |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Балаларға саяхатта көрген-білгендерінәңгімелеу.Қала жайындағытүсініктерінтереңдету мақсатындасуреткөрсетеотырып әңгімелеу.<br><br>Қаланыңауылданерекшелігіне тоқталу.<br>-Үйлердікімдерсалады?(құрылысшылар). | Балаларқала жайлы түсініктерін айтады. Өздері тұратынмекен-жайын айтып, қаланың ауылдан ерекшелігіне тоқталады. Балалар педагогтің қойған сұрақтарына жауапбереді. |
| Ұйымдастырушылық – ізденістік | -Балалар,алсендеркешкі қала көрінісінтамашалапкөрдіңдерме?<br>-Кешкіқалакөрінісінесімен ерекшелінеді?<br>-Бүгінсолсендертамашалап отырғанкешкіқалакөрінісін салайық<br><br>Педагог кешкі қала суретін салған кезде әртүрлі фигураларды Молынан қолдануға болатынын,әр үйдің терезесінен түсетін жарық неге әр түсті болуы мүмкін екенін (терезегетұтылғанперденіңтүсіне сай), түн мезгілі екендігін фон арқылыкөрсетугеболатынын, аспандағыжұлдыздардықылқалам көмегімен салу жолдарын түсіндіреді. | -Ия, тамашаладық.<br><br>-Түнде де қала әдемі болады, шамдардыңбәре жап-жарық болып, қала одансайын әдемілене түседі.<br><br>Балаларқажетті құралдарын алып, өз қалаулары бойыншакешкі қала көрінісін салады. |

| | | |
|---|---|---|
| Рефлексиялық-түзетушілік | Балалардың іс-әрекеті талданып, қорытындылады.Жақынмаңдағы қала көшелеріне мақсатты серуенгебарып,қалаөмірінің тыныс-тіршілігіне бақылау жасалады. | Жасаған жұмыстарына талдаужасайды. |

**Күтілетіннәтиже:**
**Біледі:**ұжымдық жұмыста бірлесіпең бекетуді,бір-бірімен ақылдаса білуді, кешкі қала көрінісін шығармашылықпен бейнелеуді үйретеді.
**Игереді:**сурет салудың іскерлік дағдыларын игереді.
**Меңгереді:**қағазт үстерін,үйлесімділігін бере білуді және қала көшелері туралы түсініктерін меңгереді.

**Білім беру**

**салалары**:Шығармашылық,

**Бөлімі:**Суретсалу.

**Тақырыбы:**Алашаны әшекейлеу.

**Мақсаты**:сәндік-қолданбалы өнермен таныстыру,алашаны ою-өрнектермен әшекейлеуде оны қағаз бетіне дұрыс орналастыра білуге баулу, бояу түстері мен ою-өрнектерді үйлестіру арқылы балалардың көркемдік талғамын дамыту, эстетикалық тәрбие беру.
**Көрнекі құралдары:** үлгі ретіндегі үлкен көлемді алашаның суреті.
**Қажеттіқұрал-жабдықтар:**сурет салуға қажетті құрал-жабдықтар,суретсалудан жұмыс дәптері.

**Алдыналаорындалатынжұмыс**:әңгімелесу,таныстыру,көрсету.

**Сөздікжұмыс**:сәндік-қолданбалы өнер,ою-өрнекті симметриялы беру.

| **Оқуіс-әрекетінің кезеңдері** | **Педагогтіңіс-әрекеті** | **Балалардыңіс-әрекеті** |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Қазақ ою-өрнектері туралы не Білетіндерін еске түсіреді.Алаша мен текеметтің айырмашылығы сұралады. | Алашамен текеметтің айырмашылығы жайында өз білгендерін айтады. |
| Ұйымдастырушылық – ізденістік | Педагог сәндік қолданбалы өнер көрмесіне арнайы Ұйымдастырылған саяхат жасап, қолөнер бұйымдарымен таныстырады.<br>Суреттерін қарап көреді.Алашаға және оның суретіне балалардың назарынаерекшеаударады.<br>Алашаның қандай мақсатта Қолданылатынын түсіндіріледі.<br>Алашаны жасау әдістеріне қысқашатоқталыпөтеді(тоқу әдісімен,өрмекқұраотырып). осындай алашаны біз бүгін сендермен біргеәшекелейміздеп келіседі.<br>Алашаның суреті бойынша үлгіге талдау жасайды. Ою-өрнек элементтеріntаңдауғажәнеоның орналасуына баса назар аударып түсіндіреді. Ою-өрнектерді салу жолдарын алдымен ауада көрсетеді,соданкейінбарыпқағаз бетіне түсіреді.<br>Балалардың шығармашылықпен жұмысжасауынабағытберіледі, алашаның сәнді, әдемі безендірілуінқадағалайды.Ою-өрнектің бірнеше түрлерінің үлгілерікөрсетіліп,салужолдары | Балаларкөрмені аралап көреді, сәндік-қолданбалыөнер туындыларымен танысады, оның ішіндеалашаның ерекшелігінемән береді.<br><br>Қағазтүстеріне сәйкес бояу түстерін таңдайды, ою-өрнек элементтерін таңдайдыжәне оны қалай әшекейлеу керектігіжайлы ойланады.<br>Алашаның шеттеріне, бұрыштарына қандайою-өрнек салуғаболатыны жайлы ойланады. |

| | | |
|---|---|---|
| | түсіндіріледі.<br>Балалар бояу түстерін және ою-өрнек элеметтерін таңдайды.<br>Оны қағаз бетіне қалай Орналастыруға болатыны жайлы ойланады.<br>Өрнектерді салужолдары көрсетіліп,ортасынан шеттеріне, оң және сол жақтарға симметриялысалуқажеттілігі түсіндіріледі.; | |
| Рефлексиялық-түзетушілік | Пелагог балалар жасаған алашаларды тақтаға іліп,талдау жасайды. | Балалар ұсынылған талапқасәйкес алашаның суретінсалуды аяқтап, өз жолдастарының еңбегінеталдау жасайды. |

**Күтілетіннәтиже:**
**Біледі**:қазақтың ұлттық ою-өрнектерінің аттарын(«балта»,«ирексу», «қошқармүйіз», «сынықмүйіз», «қызқалдақ» т.б.) және сипатын біледі.
**Игереді**:қазақтың ұлттық ою-өрнектерін біліп,құрметтеуге,үлкендердің еңбегін сыйлауға үйренеді. Ою-өрнектерді алашаның ортасына, жанына, шеттеріне, бұрыштарына орналастырудың ерекшеліктерін игереді.
**Меңгереді**:алашаны безендіруде ою-өрнектерді дұрыс сала білудің іскерлік дағдыларын, өздерінің жасаған жұмыстары туралы әңгімелеп айта білуді меңгереді.

**Білім беру**

**салалары**:Шығармашылық,**Бөлімі**:

Сурет салу.
Т**ақырыбы**:Астықжинау

**Мақсаты.**Балаларға сопақшад өңгелектерді қолдана отырып бидай масақтарын салуды
үйретеді,ұқыпты жұмысжасауға дағдыландыру,шығармашылықпен сурет сала білуге
баулу,дәнді дақылдарды құрметтей білуге тәрбиелеу.
**Көрнекіқұралдары**:Түрлі түстібояулар,үлгі көрнекіліктер.

**Алдыналаорындалатынжұмыс**:«қырманды»,«астықтыөлкесі»,«Егін алқабында»

**Сөздікжұмыс**:бидай,егін,бидаймасақтары,қырман,диірмен

| **Оқуіс-әрекетінің кезеңдері** | **Педагогтіңіс-әрекеті** | **Балалардыңіс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Балаларғаастықжинап жүрген техника түрлерін,егін,диірменсуретін көрсетіп, олар жайлы әңгімелетіпболғансоңулгіге талдау жасайды.Балалар,нан туралы,бидайтуралықандай тақпақтарбілесіңдер. | Еңбекетсең ерінбей,тойады қарның тіленбей. Нан қоқымын шашпаңдарЖерде жатса баспаңдар |
| **Ұйымдастырушылық – ізденістік** | Педагогкүзмезгілінеске түсіріпнеліктенкүзді«алтын күз», «күз жомарт» деп атайтынын талдайды.Астық жинап жатқан суретті көрсетеді.Балалар,суретте диқаншылар бидай жинап жатса, біз ақ қағаз бетіне бидай масақтарын салайық.Бидаймасақтарын салу үшін ,ақ қағаз бетіне жоғарыдан төменге қарай ұзын бидай масағының сабағынсызыпаламыз,одан кейін сабақтың жоғарғы бөлігінесопақша дөңгелектерді орналастыра отырыпбидайдәнінсаламыз. | Балаларкүзде жеміс жидек,көкөністер пісетін жайлы айтады, диқаншылар көктемдееккен егіндерін жинайтынavailжайлы баяндайды.<br><br>Балаларбояумен қылқаламды қолданыпаққағаз бетіне бидай масағының сабағын сызып алады,соданбидай сабағының жоғарғыжағына сопақша дөңгелектерден бидай дәнін салады. |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | Педагогбалалардыңбидай масақтарын салынған суреттерінжинапалыпкөрме | Балалар«бидай масақтарын»қалай салғандарын |

| | | |
|---|---|---|
| | ұйымдастырсын | әңгімелепбереді |

**Күтілетіннәтиже:**
**Біледі:**Дәнді дақылдардың біртүрі бидай масақтарын салу барысында пішіндерді пайдаланып суретсалуды үйренеді.
**Игереді:**Астық жинау туралы түсініктерді,егін жинайтын адам диқаншы туралы ұғымды игереді
**Меңгереді:**ұқыпты жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру.

**Білім беру салалары**:Шығармашылық,

**Бөлімі**:Суретсалу.

**Тақырыбы**:Сазбалшықтан жасалған табақ.
**Мақсаты.**Балаларға қазақ халқының ыдыстары туралы білім беру,ұлттық көркемдік стилдің әліпесімен таныстыру,көркемдік талғамындамыту,ұқыптылықпен жинақылыққа тәрбиелеу.
**Көрнекіқұралдары**:акварель бояуы,қылқалам,табақ

**Сөздікжұмыс**:табақ,етасу

| **Оқуіс-әрекетінің кезеңдері** | **Педагогтіңіс-әрекеті** | **Балалардыңіс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Психологиялық сәт.<br>Қуан,шаттан,алақай,<br>Қуанатынкүнкелді.<br>Күліпшықтықбүгін<br>Қайырлы таң. | Балаларқимыл қозғалыспен көрсетеді |
| **Ұйымдастырушылық – ізденістік** | Балалар,мынасуреттене көріп тұрсыңдар?<br>Табаққа қандай тағамды саламыз?Расында да, бұл табаққа ұлттық тамақ етті салады.Сондықтантабақәр үйде болу керек.Қылқалам мен акварель бояуын пайдаланаотырып,әсем табақтарды әдемі өрнектермен әшекейлейік.Бірінші дөңгелексаламыз,сосын табақтыңішкіжақтауын саламыз, ал енді осы жақтауды әсем ою өрнектердіәшекейлеиік.<br>«Қошқармүйіз», «қызғалдақ»,«ботамойын» өрнектерді салу жолдарын қағазға педагог салып көрсетеді,балаларөздері қалауы бойынша өрнектердітаңдайдыжәне әшекейлейді. | Табақ.<br><br>Етті.<br>Балаларреттілікті сақтайды отырып,суретті салады<br><br><br>Жақтауларыноюөрнекпен әшекейлейді. |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | Педагогсалынған суреттердітақтағаіледі.Өте жақсы шыққан суреттерді бағалайды. | Балаларсуреттерін іліп, өздерінің ойларыменбөліседі. |

**Күтілетіннәтиже:**

**Біледі:**Табақ туралы түсінік алады жәнеоның қолданылу ерекшеліктерін мен маңызын біледі.
**Игереді:**Салынған табақ суреті үстіне қылқаламды дұрыс қолдана отырып өрнек салуды игереді
**Меңгереді:**Табақты салуерекшеліктерінмеңгереді,жұмыстыорындау барысында мұқияттылық пен жинақылыққа жаттығады.

**Білім беру**

**салалары**:Шығармашылық

**Бөлімі**:Сурет салу.

Т**ақырыбы**:Гүлдене бер,Қазақстан!

**Мақсаты.**Кең–байтақҚазақстан туралы мәліметтерін кеңейту,туған жердің көрнісін қағазға түсіре білуге үйрету,өз еліне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.
Қолданылатын құралдар.қылқалам,бояу,
**Сөздікжұмыс**:Отан,туғанел

| **Оқуіс-әрекетінің кезеңдері** | **Педагогтіңіс-әрекеті** | **Балалардыңіс-әрекеті** |
| --- | --- | --- |

| | | |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | Шаттық шеңбер.Балалар, бір сәт көзімізді жұмып, көз алдамызғат уып өскен жерімізді елестетейік.Ал енді көзімізді ащайық. | Балалар көздерін жұмып, әуен ырғағымен көз алдарына туған жерлерінің көрікті жерлерінелестетеді. |
| **Ұйымдастырушылық – ізденістік** | Балалар,енді тақтаға қараңдар не көріп тұрсыңдар?<br>Қазақстан туралы,Қазақстан қалалары туралы қандай тақпақтар білесіңдер.Қазақстан туралы тағыда не айта аласыңдар.Біз қай жерде тұрамыз.Балалар,болашақ Қазақстаның қандай болғанын қалайсыңдар.Соны суреттеп бейнелеп көрейік.Көзгебірден түсетін,аса биік «Бәйтеректің» суретін салудынеденбастаймыз.<br>«Бәйтеректің»түсін өздерің таңдауларыңа болады,өйткені ол түнде алуан түрлі болып өзгереді. | • Бәйтерек<br>• Ханшатыр<br>• Медеу<br>• Көктөбе спорт кешені.Балалар өздері білетін тақпақтарын айтады.<br>Балалар суретті үлгі бойынша салады.<br><br>Балалар жауабы. |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | Балалар,бүгінгі салған суреттердің өте әдемі шықты,оларданкөрме жасайық.Суреттер сендердің туған жерге дегенсүйіспеншіліктеріңді көрсетіп тұр. | Балаларөздерінің суреттері жайлы әңгімелеп береді. |

**Күтілетіннәтиже:**
**Біледі:**.Туған жердің кең-байтақ екені,өз елінің әсем жерлерімен ерекшеліктері туралы білімін кеңейту.
**Игереді:**Көз алдын елестету арқылы сурет салу дағдыларын игереді.
**Меңгереді:**өз ойларын жеткізе білусуреттен,жұмысты орындаудағы тиянақтылығы мен ептілігі қалыптасады.

**Білім беру саласы:**Шығармашылық

**Білім беру бөлімі:**Сурет салу

**Тақырыбы:**Қыстағы жапырақсыз ағаш**.**

**Мақсаты:**балаларға жапырақсыз ағашты салу техникасынт үсіндіру,оданәрі жетілдіру. Шығармашылық қиялдарын,көркемдік талғамдарын дамыту, ұқыптылықпенжинақтылыққатәрбиелеу**.**
**Көрнекілік**:сурет салуға керекті құрал-жабдықтар.Қыстағы жапырақсыз ағаш бейнесі.
**Сөздікжұмыс**:қыстағы жапырақсыз ағаш.

| Оқуіс-әре кеті | Тәрбиешініңқызметі | Баланыңқызметі |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Қайта-қайтақаржауады, Қыс келгеннің белгісі.<br>Дала кезіп зар қағады, | Балалар қайталап айтады. |

| | | |
|---|---|---|
| | Көбейген-аужелкүшті. | |
| Ұйымдастырушылық-ізденістік | -Жыл мезгілін сұрайды.<br>Қандай белгілерге қарап қыс мезгілі екенін білеміз?<br>Айнала неге оранған?<br>Сұрақ-жауаптар.<br>Сергітусәті.<br>Тербеледі ағаштар.<br>Қыстағы ағашты қағаз бетңне түсіреміз./Салу жолдарын түсіндіру/<br>Ағаштың түрлерін сұрайды.<br>-Ағаштың діңі ұзынша,төменгі бөлігіжуандауболады.Бұтақтары көлденең,жапырақтары иіліп тұрады.<br>Қолдарымен ауада сызып көрсетеді.<br>Балаларсуретсалуғакіріседі.<br>Олардың жұмыстарын бақылап,басшылық жасайды. | -Қыс мезгілі.<br>Күн суытады,аяз болады.<br><br>Қарға оранады.<br>Сұрақтарға жауап береді.<br>Сергітусәті орындалды.<br><br>Суретті салу жолдарынтүінді. |
| Рефлексиялық-түзету | Балалар салған суреттерін тақтаға іліп, қотындылайды. Жұмыстарын талдап,әңгімесін тыңдап,бағалайды. | Балалар өз Жұмыстары туралы әңгімелейді. |

**Күтілетіннәтиже:**
**Біледі:**қыс мезгілінің ерекшеліктерін,өсімдіктер дүниесінде болатын өзгерістерді,оған ауа райы мен сыртқы ортаның әсерін біледі.
**Игереді:**жылмезгілдерінің ерекшеліктерін анықтап,қағаз бетіне түсіруді.
**Меңгереді**:жұмысты орындау барысында көркемдік дағдылары дамиды.

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Білімберубөлімі:**Суретсалу

**Тақырыбы:**Мерекелік от

шашу

**Мақсаты:**балаларға салтанатты шерулердің мәнін түсіндіру,мерекелер Туралы білімдерін одан әрі жетілдіру.Шығармашылық қиялдарын,көркемдік талғамдарын дамыту, ұқыптылық пен жинақтылыққа тәрбиелеу**.**
**Көрнекілік**:мереклік от шашу көрінісі бейнеленген сурет,қылқалам,акварель бояу,су құятын ыдыс.

**Сөздікжұмыс**:республика күні,мерекелік от шашу.

| Оқуқызметі | Тәрбиешініңқызметі | Баланыңқызметі |
| --- | --- | --- |
| Мотивациялық-қозғаушылық | Үнтаспадан мемлекеттік әнұранды тыңдау. | Жүректерінің Тұсына қолдарын қойып,әнұранды |

| | | |
|---|---|---|
| | | айтады. |
| Ұйымдастырушылық-ізденістік | -Отан деген не?<br>Б.Ысқақовтың«Отан»өлеңі оқылады.<br>-Балалар,біздің ұлтымыз қазақ. Отанымыз ҚазақстанРеспубликасы. Мынау мемлекетіміздің елтаңбасы./Елтаңбасы туралы басты мәліметтер береміз/ ҚазақстанРеспубликасының Тәуелсіздік алғанкүні16желтоқсан. Бұл ең үлкен мереке.<br>Отшашудың салу жодарын көрсету. Алдымен сопақша немесе дөңгелек пішіндіәртүрлімерекелікшарларды саламыз.Қылқаламмен сүйкей жаға отырып жан-жаққа сызықтар саламыз.<br>Әуен ырғағымен билеу.<br>Жеке жұмыс жасау. | -Отан-біздің елімі,әке-шешемі,туған-туысымыз,өзіміз туып өскен жеріміз.<br>Балалар Педагогты тыңдап түсінбеген тұстарына сұрақ тарын қойып отырады.<br>Балалар әуен ырғағы мен отшашуды салады.<br>Сергіту сәтін орындады.<br>Жеке көмек алды. |
| Рефлексиялық-түзету | Педагог балаларға салған суреттеріне өздері талдау жасауды ұсынады. | Балалар педагогпенбірге талдап,бір-біріне баға береді. |

**Күтілетіннәтиже:**
**Біледі:**салтанатты шерулердің мән-мағнасын біледі.
**Игереді:**қиялдағы дүниелерді сурет арқылы беру дағдылары,жақсы көңіл күйді жеткізу ептіліктері жетіледі
**Меңгереді**:жұмысты орындау барысында көркемдік дағдылары дамиды.

**Білім беру**

**саласы:**Шығармашылық**Білім**

**беру бөлімі:** Сурет салу

**Тақырыбы:** Жаңа жыл мерекесі.

**Мақсаты:**жаңа жыл мерекесі туралы түсінік беру,қиялдау,елестету дағдыларын дамыту,бауырмалдыққа,армандай білуге тәрбиелеу.
**Көрнекілік:**жаңа жылдық мерекелік сурет,түрлі–түсті акварель бояуы, қылқала,. сүрткіш.
**Сөздікжұмыс**:жаңа жыл.

| Оқуқызметі | Тәрбиешініңқызметі | Баланыңқызметі |
| --- | --- | --- |

| | | |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Педагог өлеңоқиды.<br>Жаңа жылды қарсы алып,<br>Барлық бала ән салып.<br>Ақшақар жүр би билеп,<br>Қолслғады барша жұрт. | Балалар өлеңді мұқият тыңдайды. |
